


## БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Жаһандану және оның Қазақстанның  
жоғары білім саласына әсері





Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Жаһандану және оның Қазақстанның жоғары білім саласына әсері

Маршалл (2014) жаһандану мәселелері туралы пікір таластыратын үш түрлі теоретиктер тобын атайды: Бірінші, гиперглобалистер (әсіре жаһаншылар) әлемдік елдердің барған сайын бір-біріне «ұқсап» бара жатуына байланысты, жаһандануды ұлттық мемлекет пен экономикалардың дәстүрлі әлеуметтік және экономикалық конфигурациясын орынсыз да дәрменсіз етіп көрсететін құбылыс ретінде қарастырады.

Екінші топқа жататындар, яғни, скептиктер экономикалық және саяси тұрғыдан адуынды мемлекеттер әлемде болып жатқан оқиғалардың көбіне ықпал етіп, бақылап отырғандықтан, еш нәрсе өзгере қойған жоқ деп санайды. Демек, жаһандануға қатысты орын алып жатқан талқылаулардың көбін жай ғана саясат және адамдарға қорқыныш ұялату деп түсіндіреді.

Соңғы топ, яғни, трансформационалистер кейбір елдердің әлемдік экономикаға интеграциялануына, кейбірінің қосылмауына байланысты әлемнің түрлі елдерінің арасындағы дәстүрлі билік тепе-теңдігі қалай өзгеретінін зерттейді

## **Технологиялық және әлеуметтік өзгерістер**

Жиырмамыншы ғасырдың орта шенінен бастап қоғамда өміріміздің барлық саласын қамтитын қарқынды өзгерістердің ұдайы орын алып келгені шүбәсіз. Қарқынды өзгерістердің экономикалық тұрғыдағы үштіктің - тиімді өндіріс, АКТ және жаһандану үдерісінің әсері екені күмән тудырмайды. Бұлар өзара іштей бір-бірімен тығыз байланысты күштер.

## **Экономикалық тұрғыдан тиімді өндіріс**

Тауар өндіру әдістері қысқа уақыт аралығында айтарлықтай өзгеріп, көп еңбекті қажет ететін үдерістен жаппай өндіріске, одан адам қажет болған күннің өзінде аз ғана адамды қамтитын өндірістің автоматтандырылған түріне көшті. Тауарды бұрынғыға қарағанда жылдам және арзан өндіруге болады. Тауар бұрынғыдан да көбірек әрі жылдамырақ өндіріле бастады да, нәтижеде адамдардың өмір сүру деңгейі көтерілді.

## **АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың) дамуы**

АКТ қазіргі кезде өмірдің барлық саласында маңызды рөл атқарады. Мұның өзі күнделікті өмірде де, жұмыста да бізден жаңа дағдылар мен білімді қажет етеді. Сонымен қатар, бұрын қолданылып келген дағдылар онша қолданылмайды, тіпті, ескірді десе де болады, өйткені, өндірістік үдерістің құрамдас бөлігі ретінде оларға енді сұраныс жоқ. Ескі келісім шарттар да жойылып, соңғы 50 жылда дамып, сұранысқа ие болған мамандықтардың да қажеті болмай қалды. Инженерік дағдыларды қажет ететін көптеген әрекеттерді енді техника атқарады, ал, кейбір жұмыстарда қолданылған қол және ақыл-ой ептіліктері енді қажет емес. Технологияның тез дамитыны соншалық, оған ілесу қиынға соғуда, ал, талапқа тез бейімделе алатын жұмысшы құзыреті олардың қазіргі дағдыларынан да маңызды болып отыр. Мұндай жылдам өзгерістердің орын алуына алып келген шешуші факторлардың бірі - коммуникациялар саласындағы революциялар.

## **Тәуекелге толы қоғам**

Бек (1992) осы нарықтық күштердің, заманауи технологиялар мен жаһанданудың қоғамның ішкі сипатын өзгертетін, оның модернизмнен рефлексивті модернизмге алып келетін эволюция екенін айтып кетті. Мұндай рефлексивті модернизмді өмірдің тұрақсыздығы, адамдардың өзіне деген сенімсіздігінің артуы, соған байланысты адамдардың өз істерінде тез шешім қабылдауға мәжбүр болуы сияқты факторлармен сипаттауға болады. Олардың таңдауы олардың қалай жұмыс істейтінімен, ақшасын қайда жұмсайтынымен, отбасы және достарымен арадағы қарым-қатынасымен және т.б. факторлармен тікелей байланысты. Қабылдаған шешім бізге пайда әкеле ме, жоқ па - оны біз тап басып айта алмаймыз, демек, біздің әр таңдауымыз тәуекелге толы. Ғалымдар тәуекелге толы бұл қоғамда адамдардың жағдайларды басқарау қабілеті де дараланып бара жатқанын айтады. Халықтың кейбір тобына таңдаудың көп болуы, бай өмір салты, соңғы технологиялар өз пайдасын тигізуде. Ал, тұрақты жұмысқа тұруға қажетті дағдыны игере алмағандарды мұндай таңдау сәтсіздікке ұшыратады, тіптен ол әлеуметтік жіктелуге алып келуі де әбден мүмкін. Қоғамның бөлінуі мемлекет ішінде орын алғанымен, оларды әлемнің барық елдеріне тән бай және кедей аудандар арасындағы үлкен айрмашылықтар ретінде қарастырған жөн. Демек, бұл



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Жаһандану және оның Қазақстанның жоғары білім саласына әсері

қағидаға сәйкес тек «заманауи», «дамыған» қоғамдар ғана емес, сондай-ақ, кедей, «артта қалған» ауылдық қауымдастықтар да осындай өзгерістерді бастан кешіруде. Кедей елдер халқының ең төменгі күнкөріс деңгейіне қол жеткізу үшін бай елдерге көшуіне байланысты, әлемдік көші-қон үдерісі де жоғары деңгейде. Көшетіндер негізінен жас, мықты, біліктілігі жоғары адамдар болғандықтан, бұл құбылыс олардың өз мемлекеттерін бұрынғыдан бетер әлсірете түседі.

## Тәуекелге толы қоғамға қарсы уәждемелер

Тәуекелге толы қоғам ұғымы мен жаһанданудың «қысымы» басқа елдерден артта қалып қою қаупін бастан кешіріп отырған немесе қоғамнан шеттетілуі ықтимал мемлекеттердің көңілдерін күпті етуде. Алада, бұл жаһандану дегеніміз тоқтаусыз күш, ал, оның жолындағы жеке адамдардың, топтардың немесе мемлекеттердің оған шамасы келмейді деген ертеректегі пікірді білдіреді. Болл (2013) жаһандану жайлы мұндай детерминистік тәсілдемені барлық құбылыстарды түсіндіруде қолдануға болады дей келе, логикалық және реляциялық көзқарасты шындыққа жанасады деп қабылдайды. Оның ойынша, жаһандану барлық елге бір уақытта, бірдей әсер етпейді. Кейбір мемлекеттер әлемдік саяси тенденцияларға бейімделеді немесе олардан бас тарта алады, ал, қалғандарының қолынан ол келмейді.

Сондықтан, қандай да бір қоғамды, әсіресе, оның білім беру жүйесін талдау кезінде біз оларға жаһандық та, жергілікті де сипаттардың тән екенін, ал, бұл әр жерде әр түрлі болатынын ескеруіміз қажет. Бұл көзқарас тұрғысынан алып қарастырсақ, мемлекеттер немесе жеке адамдар жаһанданудың алдында тым әлсіз деп айтуға келмес. Олар жергілікті, ұлттық, жаһандық ықпалдарды біріктіре отырып, өз мәдениетін қалыптастырады, бұл мәдениеттердің бірі екіншісінен басым болатын кездер де болады. Болл жаһанданудың жеке ұлттық саясатқа тигізетін әсерін былай түсіндіреді:

Экономикалық, саяси және мәдени көзқарас тұрғысынан алып қарастырар болсақ, жаһанданудың ұлттық және жергілікті мәдениеттердің дербестігі мен ерекшелігін азайтып отырғанын, ал, сонымен бір мезгілде түрлі саяси құрылымдардың, ұлттық инфрақұрылымдардың, ұлттық идеологиялар мен бизнес-мәдениеттің саяси идеяларды түрліше қабылдап, түрліше түсіндіретінін байқауға болады (2013: 35).

## Жаһандану процесі мен Қазақстан жоғары білім саласы.

Жаһандану процесі Қазақстан Республикасының білім саласына қатты әсер еткен күштердің бірі. Еліміз 1991 жылы егемендік алғаннан кейін, білім саласының бұрынғы бағытынан өзге, заман талабына сай жаңа мазмұндағы білімге бет бұруы қажет болды. Кеңес дәуірі кезеңінде Қазақстанның білім саласы жоспарлы болатын. Тәуелсіздік жағдайында білімді жаһандық заманауи талаптарға сай, әрі сапалы дамыту туралы талқылаулар нәтижесінде әлемнің үздік модельдерін енгізу және оларды біздің контекстімізге бейімдеу туралы шешім қабылданды. Аталмыш өзгерістер түбірлі өзгерістер болды, себебі, білімнің бағыты, сипаты, мазмұнымен қатар, білім туралы заңнамаға да толығымен өзгеріс енгізілді. Осыған орай, Еуропа жоғары білім кеңістігінің, Болон Процесі Декларациясы, Еуропалық білім стандарттары мен нұсқаулықтары сынды халықаралық құжаттарға қол қойылды. 2010 жылы Қазақстан Болон Процесі Декларациясына қол қойды.

Болон Процесінің өзі жаһандану нәтижесінде Еуропа елдеріндегі білімнің мобильділігін қамтамасыз ету үшін ойластырылған құжат. Ол жұмыс күшінің дағдылары мен білімін Еуропа елдерінің барлығында бірдей мойындау мақсатында қабылданған болатын. Кредиттік білім беру технологиясы, Академиялық мобильділік сынды элементтер Болон Процесінің негізі. Осылайша, жаһандану процесі әлемдегі ЖОО-лардың интернационализациясына әкелді. Жаһандану мен интернационализация бір-бірімен қабысып жатқан құбылыстар, себебі жаһандану ЖОО-лардың интернационализациясына әкеледі.

## Заңнамадағы өзгерістер

Болон Процесі бойынша, студентке бағытталған оқу үдерісі орнығуы керек еді. Сол кездегі білім жүйесінде студенттердің, оқытушылардың және нарықтың сұранысына жауап беру деген түсініктер болмады, себебі оқу үдерісі жоспарлы болатын да, барлық нұсқаулықтар тек үкіметтен келетін. Осыған байланысты, 2004 жылы, Қазақстан Болон Процесінің бақылаушы мүшесі болғаннан бастап, әлемдегі білім саласына кірігу мақсатында және Болон Процесінің келешектегі толық мүшесі болу мақсатында өзінің білім саласындағы заңнамасын толығымен өзгертіп, икемдеуіне тура келді. Осыған орай, Білім туралы Заң қысқа уақыт ішінде біртіндеп екі рет өзгертілді. 2004 жылғы алғашқы өзгеріс барысында,



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Жаһандану және оның Қазақстанның жоғары білім саласына әсері

квалификация талаптары, ғылым салаларының атаулары Болон Процесінің талаптарына сәйкестендірілді (European Commission, 2017, The Law on Education of the Republic of Kazakhstan, 2004). Студентке бағытталған Кредиттік оқыту технологиясы эксперимент ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне алғаш рет енгізілді.

2007 жылы Қазақстан Болон Процесінің барлық элементтерін Жоғары білім саласына толығымен кіріктіруге бет бұрғаны нақты болды. Осыған орай, Кредиттік оқыту технологиясы, Академиялық мобильділік сынды негізгі элементтер енді Қазақстанның барлық ЖОО-ларына енгізілді. Сондықтан да заң тағы да өзгертілді. Жаңа заң қабылданды. Яғни, бұрынғы кеңес дәуіріндегі оқытушыға бағытталған білім беру жүйесі, енді студентке, нарық сұраныстарына бағытталған жаңа жүйеге ауысты.

### **Жоғары білім саласындағы өзгерістерге деген ішкі эксперттердің пікірлері.**

Мағауова және басқалар (2014), Көкебаева мен Мұсабалина (2015) аталған трансформацияларды позитивтік тұрғыда бағалайды. Зерттеушілердің пікірінше, қазақстандық студенттер бұл жүйеден көп нәрсе ұтады делінді. Біріншіден, студенттер осы жаһанда мойындалған жүйеде білім алу арқылы, олардың білім туралы құжаттары әлемнің көптеген елдерінде мойындалатын болды. Студент Еуропаның көптеген елінде білімін ары қарай жалғастыра алады. Өйткені халықаралық квалификацияларды тану жүйесі осыны қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, студенттер халықаралық деңгейде өзге ЖОО-ларға академиялық мобильділік аясында барып оқи алады, тәжірибе алмаса алады. Ал бұл өз кезегінде, білімнің сапалылығын арттырады делінді.

Екіншіден, бұл жүйе студенттерге белгілі бір деңгейде академиялық еркіндік береді. Яғни студент жеке оқу бағдарламасын өзі қатыса отырып құра алады. Бұрын бұл мүмкін емес болатын. Әрбір студенттің жеке оқу жоспары немесе траекториясы болмайтын. Барлығына бірдей бір ғана пәндер жиынтығы оқытылатын. Ал кредиттік білім беру жүйесі пәндерді тандап алуға мүмкіндік беретін еді.

Үшіншіден, Кредиттік білім беру жүйесі студенттердің дербес білім алуына мүмкіндік береді. Білімді студенттің өзінің жинақтауына көп көңіл бөлінетіндіктен, студент бойында фактілерді жаттап алу қабілеті емес, керісінше сыни ойлау қабілеті, мәселені практикалық тұрғыдан өзі шеше алу қасиеті мен дағдылары қалыптасады делінді.

### **Қазақстан жоғары білім жүйесіне енгізілген өзгерістерге деген сыртқы эксперттер пікірлері**

Зерттеушілер Томуск (2011), Солтис (2013) пікірлерінше, Қазақстан Еуропалық жоғары білім саласындағы стандарттарды тек өзінің әлемдік интеграцияға байланысты саяси мақсатына орай ғана қабылдады. Оған жаһандану процесі себеп болды, себебі жаһандану процесінде әлемдік экономикалық, саяси мүдделер бір-бірімен байланысты болғандықтан, елдің білім саласы осы жүйені қабылдауға мәжбүр болды. Демек, Қазақстанның жалпы білім жүйесі Еуропа білім жүйесіндегі құндылықтар мен түсініктерді толығымен сапалы деңгейде енгізуге дайын емес деді. Солтисің пікірінше, Қазақстан еуропалық құндылықтарды қабылдауға түсінуге психологиялық тұрғыдан да, идеологиялық тұрғыдан да дайын емес.

Томуск, өз кезегінде, Кеңес одағы ыдырағаннан кейін, оның білім жүйесі мен квалификациялары еш жерде мойындалмай қалды, сондықтан да, Қазақстан Болон Процесін жеделдетіп қабылдауға мәжбүр болды дейді (2011). Сондықтан да Қазақстанның жоғары білім саласында Болон Процесі талап ететін сапаға байланысты критерийлер орындаған жоқ. Демек, интеграциялану процесі сапа үшін емес саяси мүдде үшін ғана, формалды түрде жүзеге асты дейді.

Сонымен қатар, Болон Процесінің мүше-елдерінің білім саласына жүргізілген мониторинг нәтижелерін жариялап тұратын халықаралық OECD ұйымының 2017 жылғы есебінде, Қазақстан ЖОО-лары білім бағдарламаларын әлі де мемлекеттік міндетті стандарттар аясында құрады. Ал бұл өз кезегінде, Білім бағдарламаларын құруда университеттерге автономия беретін Болон Процесінің принциптеріне түбегейлі қарама-қайшы деп қорығады (OECD, 2017).

Тағы бір пікір оқытушылардың жүктемесіне байланысты айтылады. Мемлекеттік стандарт студенттерге еуропалық ЖОО-ларға қарағанда көбірек жүктеме міндеттейді. Бұл білім сапасына әсер етуі мүмкін делінеді. Сонымен қатар, оқытушылардың да жүктемесі еуропалық әріптестеріне қарағанда екі есеге көп (OECD, 2017).



Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Жаһандану және оның Қазақстанның жоғары білім саласына әсері

Дегенмен, Қазақстан Орта Азия елдеріндегі Еуропа Жоғары Білім Кеңістігінің барлық талаптарын енгізуге барынша күш-жігер жұмсаған бірден-бір ел екенін естен шығармаған жөн. Қорыта айтқанда, жаһандану процесі Қазақстанның білім саласына айтарлықтай әсер етті. Оны, біз сіздермен қарастырып өткен жоғары білім саласында болған түбегейлі өзгерістерден байқаймыз. Жаһандық білім процесстеріне кірігу оңай болмады. Өзіміз көріп отырғандай, жаһандану елдің білім саласының заңнамасына, идеологиясына, адамдардың білімге деген көзқарасына, оқу бағдарламаларына, білім беру технологияларына қатты әсер етті. Әлемдік процесстерге интеграцияланудың кемшін тұстары да, жеткен жетістіктері де баршылық екенін мойындамасқа болмайды.

### **Терминдер**

Интеграция - субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылын тереңдету.

### **Сұрақтар:**

1. Технолоиялық және әлеуметтік өзгерістердің, тәуекелге толы қоғамның сипаттары қандай?
2. Қазақстанның жоғары білім саласындағы реформалар қалай жүргізілді?
3. Реформаларға деген ішкі және сыртқы эксперттердің пікірлері қандай?